

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық  
резервтің материалдық құндылықтарын шығару ( жаңарту және броньнан  
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2

07.09.2017 ж.  
сағ.: 11:00

**Тендерлік комиссия құрамы:**

**Комиссия мүшелері:** Б. Ә. Орынбеков - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төраға орынбасарының м.а., тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, М.С. Шәкірбаев - ММРК Заң басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М. Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.Н.Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқарма басшысының м.а., Т.А. Қалқаманов - ММРК «Резерв» РМК Бас директордың орынбасары, Ж. Т. Баякова – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспағандар: С.К. Сабырбаева - ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы – 2017 жылғы 3 тамыздағы №5347 хатына сәйкес «Қазақстан Республикасының қорғанысын жоспарлау» оқу курсына, Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы – еңбекке уақытша жарамсыз).

**Күн тәртібі:**

1. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасалған шартқа сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтардың көлемін төмендету.

2. Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жеке тұлға Еркін Нуртазаевич Захаровтан 2017 жылғы 04 қыркүйекте келген №1162/КГМР өтініш хаты негізінде 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі № 445 лотының көлемін азайту тәсілімен бөлшектеу және № 1454 лотымен толықтыру.

3. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару бойынша келіп түскен тендерге қатысу өтінімдерін қарастыру.



Тендер 2017 жылғы 31 тамыздағы мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері **жоқ**.

1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39-бабы 3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес 2017 жылғы 04 қыркүйектегі №192 мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша шарт жасалуына байланысты көлемі төмендетілсін:

- 349 лоты «шай» 0,055 тоннаға;
- 951 лоты «күріш жармасы» 0,163 тоннаға;

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2. Тендерлік комиссия күн тәртібінің екінші сұрағын қарастырып және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын тиімді сату мақсатында ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Қағидалардың 8 тармағының 3) тармақшасына сәйкес жеке тұлға Еркін Нуртазаевич Захаровтан 2017 жылғы 04 қыркүйекте келген №1162/КГМР өтініш хаты негізінде 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі № 445 лотының көлемін азайту тәсілімен бөлшектелінсін және № 1454 лотымен толықтырылсын.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

ММРК-нің [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында орналастырылған хабарлама негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімдері келесі тұлғалардан тендерге қатысу өтінімдердің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№ р/с	Үміткер атауы	Конвертте р саны	Үміткер мекен-жайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	Ж.т. Кошенов Канат Рудович	1	Астана қ, Күлтөбе қиылысы, 11 үй, 210 пәтер	06.09.2017 ж.	14:54

*(Handwritten signatures and initials)*

2	Ж.т. Захаров Еркін Нуртазаевич	1	Астана қ, Күйші Дина көш 8/1, 98 пәтер	06.09.2017 ж.	16:45
3	Ж.т. Досумов Альтаир Сейтжанович	1	Астана қ, Күйші Дина көш 7, 78 пәтер	06.09.2017 ж.	17:43
	<b>Барлық конверттер</b>	<b>3</b>			

Қағидалардың 11-тармағына сәйкестігін тендерлік комиссия тендерге қатысу өтінімін конверт ашылғаннан кейін қарастырды.

1. **Ж.т. Канат Рудович Кошеновтың (№772, №810 лоттар)** тендерге қатысу өтінімі тігілген 2 парақта, нөмірленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі.
- 3) 05.09.2017 жылғы № 5728922 жеке тұлға қаражатын аудару туралы өтініші.

2. **Ж.т. Еркін Нуртазаевич Захаровтың (№778, №811, №951, №1417 лоттар)** тендерге қатысу өтінімі тігілген 2 парақта, нөмірленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі.
- 3) 05.09.2017ж. № 5732581, 05.09.2017ж. № 5731480, 05.09.2017ж. № 5731901, 05.09.2017ж. № 5732375 жеке тұлға қаражатын аудару туралы өтініштері.

3. **Ж.т. Альтаир Сейтжанович Досумовтың (№772 лоты)** тендерге қатысу өтінімі тігілген 2 парақта, нөмірленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жеке куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 06.09.2017 жылғы №8188893 төлем тапсырмасы.

3. Тендерге қатысу үшін келіп түскен өтінімді қарап, тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен келесі өтінімді кері қайтару туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

№ 772 лот бойынша **ж.т. Альтаир Сейтжанович Досумовтың** тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 16 тармағына және 38 тармағының 5 тармақшасына сәйкес).

Қағидалардың 35 және 36 тармақтарына сәйкес тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен келесі үміткерлерді тендер жеңімпазы ретінде анықтау туралы **ШЕШІМ** қабылдады:



1. Жалғыз қатысушы ретінде № 772 лот бойынша өтінім бағасы 22 300 (жиырма екі мың үш жүз) теңгемен ж.т. Канат Рудович Кошеновтың тендерге қатысу өтінімін;

2. Жалғыз қатысушы ретінде № 810 лот бойынша өтінім бағасы 1 115 000 (бір миллион жүз он бес мың) теңгемен ж.т. Канат Рудович Кошеновтың тендерге қатысу өтінімін;

3. Жалғыз қатысушы ретінде № 778 лот бойынша өтінім бағасы 442 839 (төрт жүз қырық екі мың сегіз жүз отыз тоғыз) теңге 16 тиынмен ж.т. Еркін Нуртазаевич Захаровтың тендерге қатысу өтінімін;

4. Жалғыз қатысушы ретінде № 811 лот бойынша өтінім бағасы 49 819 (қырық тоғыз мың сегіз жүз он тоғыз) теңге 41 тиынмен ж.т. Еркін Нуртазаевич Захаровтың тендерге қатысу өтінімін;

5. Жалғыз қатысушы ретінде № 1417 лот бойынша өтінім бағасы 42 515 (қырық екі мың бес жүз он бес) теңге 28 тиынмен ж.т. Еркін Нуртазаевич Захаровтың тендерге қатысу өтінімін;

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2017 жылғы 07 қыркүйектегі өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Интернет-ресурсында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 07 қыркүйектегі сағат 11.44-те жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 07 қыркүйектегі өзгерістер есебімен 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, \_\_\_ бетте.

**Комиссия төрағасының орынбасары:**

Орынбеков Б. Ә.



**Комиссия мүшелері:**


Шәкірбаев М.С.

Иманбаев Н.М.

Рахаев М.Н.

Әжіғұлова М.Ж.

Қалқаманов Т.А.



**Комиссия хатшысы:**

Баякова Ж.Т.

